

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің "Еңбек" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 10 шілде N 1046

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің "Еңбек" республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қарамағынан Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің қарамағына берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің "Еңбек" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының мемлекеттік басқарма органы, сондай-ақ оған байланысты мемлекеттік меншік құқығының субъект функцияларын жүзеге асырушы органы болып Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесінің комитеті анықталсын.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен
т о л ы қ т ы р у е н г і з і л с і н :

1) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен;

2) "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің "Еңбек" Республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 24 шілдедегі N 1058 P991058_ қаулысына:

2-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі" деген сөздер " Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесінің комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі